

## БӨЛІМ: ТЕХНОЛОГИЯ

## Ағашты механикалық тәсілмен өңдеу түрлері. Ағаш өңдеу станоктарының құрылысы. Қауіпсіздік ережесі

ЖАРИЯЛАНДЫ  
16.05.2017СІЛТЕМЕ  
<https://bilimger.kz/13666/>

## АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

**Абиев Дархан Муратбаевич**

**Сабақтың тақырыбы:** Ағашты механикалық тәсілмен өңдеу түрлері. Ағаш өңдеу станоктарының құрылысы. Қауіпсіздік ережесі.

**Сабақтың мақсаты:** а) Ағаш өңдейтін токарь станогының құрылысы мен жұмысы. Paint графикалық редакторы іске қосуды, аспаптарымен, оның ішінде выделение /белгілеу аспабы/ жұмысымен таныстыру.

**Білімділігі:** Станоктың құрылысымен жұмыс үрдісін түсіндіру, «машина» ұғымын қалыптастыру. Paint графикалық редакторы іске қосуды, аспаптарымен, оның ішінде выделение /белгілеу аспабы/ жұмыс істеу.

**Дамытушылығы:** Станоктың бөлшектері мен сызбаларын оқып үйрену, оқушылардың іскерлігін, жұмыс ұйымдастыру дағдысын қалыптастыру. Оқушылардың ойлау қабілетін дамыту, компьютерлік сауаттылығын арттыру.

**Тәрбиелігі:** Компьютерлік сауаттылыққа бағыттау, техникаға қызығушылыққа тәрбиелеу.

**Көрнекілігі:** компьютер, проектор. Сабақ типі: Кіріктірілген сабақ

Сабақтың әдіс тәсілі: түсіндіру, практикалық жұмыс, тест, сұрақ-жауап.

Пәнаралық байланыс: технология, информатика, орыс тілі, ағылшын тілі, қазақ тілі.

**ДМ1. Ұйымдастыру.**

1. Оқушылармен амандасу, сабаққа қатысуын тексеру.

**ДМ2.** Сабақтың тақырыбын хабарлау, мақсатымен таныстыру, оқушы назарын сабаққа аудару.

Сабақтың мақсаты: Ағаш өңдеу токарь станогында жұмыс ұйымдастыру. Paint графикалық редакторы арқылы компьютерде практикалық жұмыс орындау.

### **ДМ3. Жаңа сабақ.**

Машина техникалық құрылым, ол бөлшектерден тұрады және механикалық жұмыс арқылы электр энергиясына, металдар мен ақпараттар туғызады. Олар: технологиялық, транспорттық тасымал және ақпараттық- есептеуіш машиналар болып бөлінеді. Әр машина 3 негізгі бөліктен тұрады: қозғалтқыш, беріліс механизмі, жұмыс органы.

ә) Ағаш өңдейтін токарь технологиялық машина. Ол ағашты жонып, егеу арқылы әр түрлі формаға келтіреді., айналатын денелер түріндегі бөлшектер жасалады.

б) Ағаш өңдейтін СТД-120 м үлгісіндегі токарь станогының құрылысымен танысайық, маркасы С- станок, Т-токарьлық, Д- ағаш өңдеуші 120-арақашықтық, м-жетілдірілген станок мүлгісі, платформадан, электр қозғалтқыштан, қорғағыш қаптама, тректі табан, станок негізгі бөлігі, алдыңғы қыспақ тетік, артқы қыспақ тетік, шам, патрон, ұстайтын тұтқа, мөлдір экран, түймеше тетіктен тұрады.

Ағашты бекітіп ұстау үшін шпиндельдің саптама тетігі пайдаланылады, олар шанышқы, патрон, тығырық.

Ағаш өңдейтін өткір тістер- қашаулар әртүрлі формада болады.

Практикалық жұмыс

Кинематикалық схемасын сызу./СТД-120 м станогын компьютерде құрастыру.

Ол үшін Paint графикалық редакторымен танысайық.

### 1. PAINТ графикалық редакторы туралы түсінік

PAINТ сурет салу бағдарламасы әр түрлі графикалық кескіндерді салуға, оны өңдеуге мүмкіндік береді.

Бұл бағдарламаның көмегімен қарапайым суреттен бастап, күрделі графикалық шығармаларға дейін жасауға болады.

PAINТ бағдарламасында өзіміз сурет салуымызға Windows –тің басқа қолданбаларынан алмастыру буферіне көшірілген дайын суреттерді мәтінге қоюға, сондай-ақ сканердің көмегімен алынған күрделі кескіндерді енгізуге болады.

## 2. PAINT графикалық редакторында жұмыс істеу

PAINT графикалық редакторын іске қосу үшін, келесі әрекеттерді орындау керек.

Пуск Барлық бағдарламалар Стандартты PAINT

Осы әрекеттер орындалғаннан кейін экранға PAINT терезесі шығады.

Сурет салу кезеңдері

Құралды таңдап алу

PAINT редакторында 16 құралды пайдалануға болады. Олардың міндеттерін білу үшін,тышқанның нұсқағышын қажетті құралдың үстіне апару керек, сонда ішіне олардың міндеттеріне жазылған кішкене төртбұрыш пайда болады.

Сызықтың қалыңдығын,қылқаламның түрін немесе төртбұрыштың типін тағайындау

Құралдар тақтасының тура астыңғы жағындағы арнайы аймақта жасауға болады. Сызықтардың қалыңдығын бір нүктеден бастап,бес нүктеге дейінгі өлшемде салуға және қылқаламның,төртбұрыштың бірнеше түрлерін пайдалануға болады.

Кескіннің түсін таңдау

Сурет салатын түсті таңдау үшін,палитрадағы қажетті түстің төртбұрышына тышқан нұсқағышын орналастырып,сол жақ батырмасын шерту керек

Фонның түсін таңдау

Фонның түсін таңдау үшін,палитрадағы қажетті түске тышқан нұсқағышын орналастырып,оң жақ батырмасын шертіндер.Бұл фонды пайдаланып объектілер жасайтын құралдармен жұмыс істегенде қажет(тік төртбұрыш,көпбұрыш,эллипс,дөңгеленген көпбұрыш)

## 3.PAINT графикалық редакторының құралдары

### 4.Редактордың командалары

Редакторда салынған суретін ойдағыдай болмаса, соңғы үш әрекет арқылы түзетуге болады.

Ол үшін Правка Отменить(орындатпау)

командасын орындау қажет.

Түзеткен қателеріңізді қайтадан қалпына келтіргіңіз келсе,

Правка- Повторить командасы арқылы тек соңғы үш әрекетті бастапқы қалпына келтіруге болады.

Суретті қалай сақтайды?

Салған суреттерді,графиктерді қажет кезінде пайдалану үшін, оны арнайы дискідегі файлда сақтаған жөн.

PAINT программасының құжатын бірінші

рет сақтап қою үшін

«Файл-сохранить как» командасын орындау керек.

Экранға «Сохранить как» диалогтық терезесі пайда болады

Енді жұмыс үстеліндегі «Станок» файлын ашып тапсырманы орындаймыз.

Оқушылар тапсырманы компьютерде орындайды.

Сабақты бекіту.

«Білім бәйгесі» ойынын ойнау.

1. Тест жұмысы
2. Жұмбақтар шешу
3. Сұрақтарға жауап.

Сабақты қорытындылау. Бағалау

Үйге тапсырма: Ағаш өңдеу токарь станогында жұмыс ұйымдастыру. Paint графикалық редакторы